



201 _____ жылғы _____
года

Астана, Үкімет Үйі

от « _____ » _____ 201 _____

№ _____

№ _____

№ исх: 17-62/1358 от: 31.05.2017

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаты
Ж.Қ. Дүйсебаевқа**

2017.03.05. № ДЗ-126

Құрметті Жексенбай Қартабайұлы!

Сіздің ауаны ластаудың алдын алу және атмосфераға шығарылатын зиянды заттардың көлемін қысқарту бойынша пәрменді шаралар қабылдауға қатысты депутаттық сауалыңызды қарап, келесіні хабарлаймыз.

Шығарындыларды азайтуға ынталандыратын экономикалық механизмдерді жетілдіру аясында Салық кодексінің 495-бабы 3-тармағына өзгерістер енгізілді, оған сәйкес а.ж.1 қаңтардан бастап алауларда ілеспе және/немесе табиғи газды жағудан ластаушы заттар шығарындылары үшін төленетін төлем ақысы 20 есеге өсті.

Бұл шара кәсіпорындардың жағылатын газ мөлшерін төмендетуге, ұтымды пайдалануға және соның нәтижесінде қоршаған ортаға шығарындыларды төмендетуге экономикалық ынталандырады.

Сонымен бірге, қоршаған орта сапасын жақсартудың пәрменді құралы жекелеген аумақтарға арналған мақсатты көрсеткіштер болып табылады.

2016 жылдан бастап Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп өңірлерде қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштерін енгізу бойынша жұмыстар жүргізуде.

Бүгінгі күні қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштері мәслихаттардың шешімдерімен Жамбыл, Павлодар және Шығыс Қазақстан облыстарында бекітілді.

2017 жылы осы көрсеткіштерді әзірлеуге Ақтөбе, Қостанай облыстарында қаражат бөлінді, Ақмола, Алматы, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Солтүстік Қазақстан облыстарында және Астана, Алматы қалаларында 2017 жылға арналған облыстық (қалалық) бюджеттерді нақтылау кезінде қосымша бюджеттік өтінімдер енгізілетін болады.

Атырау, Маңғыстау және Қызылорда облыстарында нысаналы көрсеткіштерді ағымдағы жылы табиғат қорғау іс-шаралары аясында әзірлеу жоспарлануда.

Банк сериялық нөмірсіз ЖАРАМСЫЗ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ. Қызмет бабына қажетті көшірмелер шектеулі данада жасалады, белгіленген тәртіппен БЕКІТІЛЕДІ ЖӘНЕ ЕСЕПКЕ АЛЫНАДЫ. Жауап қайтарарда міндетті түрде біздің № және күні көрсетілуі керек. Банк без сериялігінің нөмірі НЕДЕЙСТВИТЕЛЕН. Копии при служебной необходимости делаются в установленном количестве, ЗАВЕРЯЮТСЯ И УЧИТЫВАЮТСЯ в установленном порядке. При ответе обязательно ссылаться на наш № и дату.

Қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштерін белгілеу аумақтарда қоршаған ортаға түсетін ең жоғарғы жүктемені анықтайды, осының негізінде табиғат пайдаланушылар үшін эмиссия нормативтері белгіленеді.

Сонымен бірге, қазіргі уақытта Энергетика министрлігі мемлекеттік саясаттың басты бағытының бірі қоршаған ортаны қолайлы ету болып табылатын ЭЫДҰ дамыған елдерінің халықаралық тәжірибесін зерттеп, енгізу бойынша белсенді жұмыстар жүргізуде.

Осы жұмыстар аясында «ЭЫДҰ Қоршаған ортаны қорғау саласындағы саясат және Химиялық заттар комитеттеріне «қатысушы» деңгейіне дейін мәртебені көтеру бойынша 2017-2021 жылдарға арналған іс-шаралар» жол картасы әзірленді және а.ж. 7 ақпанда бекітілді, онда 2018 – 2019 жылдары халықаралық сарапшылардың экологиялық төлемдер, экологиялық реттеу, мемлекеттік экологиялық бақылау мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының қолданыстағы экологиялық заңнамасына шолу жасауы қарастырылды.

Жол картасын іске асыру аясында Қазақстанда «ластаушы төлейді» қағидатын енгізу тұрғысынан нормаларға құқықтық талдау жүргізіледі, оған сәйкес ластаушылардан «ластау құқығы» үшін емес, қоршаған ортаға келтірілген залалдың орнын толтыруға жұмсалатын шығын үшін төлем алынады.

Бұл қағидатты ендіру кәсіпорындарға «ынталандырушы ықпал» етеді, себебі бұл олардың экологиялық шығындарына әсер ететіндіктен, олар қоршаған ортаны ластауды төмендетуге мүдделі болады.

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі**

Б. Сағынтаев